



Отбасы күні

- Артикуляциялық жаттығу
- Саусақ жаттығуы
- Көз жаттығуы

Отбасымыз бақытты,
 Еркелеп, өсіп, толамыз.
 Жүрейік аман, боп құтты,
 Ортада әке, анамыз.
 Атамыз бар ақылшы,
 Әжеміз біздің дана жан.
 Аға, әпкем, інім шын,
 Жақсы жандар, даралар.



Тіл дамыту

Мақсаты: отбасында үйлесімді қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. Отбасы мүшелеріне деген қамқорлық, жанашыр сөзімдерін дамыту. Отбасында өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу барысы: балалар қол ұстасып тұрып Е.Өтетілеуовтің «Біздің шаңырақ» өлеңін педагогпен бірге айтады.

Атамнан басталар, Әкем мен анам бар,
 Әжеммен қосталар, Бір туған ағам бар,
 Отбасым мыналар – Бір туған апам бар.
 Ең жақын адамдар: Бәрін жақсы көремін,
 Еркелеймін, еремін!

Педагог:

– Балалар, бәріміз жайғасып отырып, көзімізді жұмып, өзіміздің тату-тәтті отбасымызды көзіміздің алдына елестетейік. Барлығымыз демалыс күні үйдеміз. Отбасы мүшелері түгел үлкен дастарқан басына жиналды деп ойлайық. Бәріміздің жүзімізде қуаныш, бір-бірімізге сүйіспеншілікпен, сыйластықпен қараймыз. Біздің қуанышты сәтімізге ортақтасып, күн сәулесі де үй ішін жылы шуаққа бөлейді. Қандай тамаша, қандай қуанышты күн! Ал енді, балалар, көзімізді жайлап ашып, өзіміздің ойымызбен, жүрегіміздегі сезімдерімізбен бөлісейік (балалардың жауаптары тыңдалады).

Әр бала алдын ала тапсырма бойынша үйден әкелген отбасылық суреттері бойынша өз отбасы туралы суреттерді көрсете отырып, әңгімелейді (атаанасының, бауырларының аты-жөндері, жақсы қасиеттері туралы айтып береді).

Мұғалім әңгіме ұйымдастырады.

- Балалар, мереке дегеніміз не?
- Мерекенің жай күннен қандай айырмашылығы бар?
- Мерекені жақсы көресіңдер ме?



Онда мерекелер туралы қаншалықты жақсы білетіндерінді тексерейік. Педагог балаларға жұмыс дәптеріндегі «Берілген мерекелердің қайсысы отбасы мерекесі болып саналмайды? Өз ойларыңды айтыңдар» тапсырмасын орындатады. «Отбасы мерекесінің белгілерін атаңдар. Отбасы мерекесі кімдерді біріктіреді? Отбасы мерекесінің басты кейіпкері кім болуы мүмкін?» деген сұрақтарға бірлесіп жауап береді.

Сұрақтар бойынша әңгіме:

– Сенің отбасың отбасылық мерекеге қалай дайындалады?

– Бір-біріне не үшін сыйлық береді? Сен отбасындағыларға қандай сыйлық дайындадың?

– Біздің елімізде ерекше мереке – Отбасы күні бар. Ол күзде, қыркүйек айында тойланады. Әр отбасының өз дәстүрі бар, бірақ салт-дәстүрді барлық қазақ отбасылары сақтайды. Жұмыс дәптеріндегі суретке назар аударыңдар. Мына әдемі дәстүрді таныдыңдар ма? Ол қалай аталады? Қай кезде өткізіледі? Педагог балаларға өздеріне ұнаған отбасылық мерекелерді қысқаша сипаттатады.

Педагог «Отан отбасынан басталады» деген халық даналығын дәйексөз етіп алып түсіндіреді.

– Балалар, біздер бақытты, тату отбасы туралы әңгімелестік. Отбасындағы татулық тәрбиенің бастауы екен. Отбасында бір-бірімізді сыйлауды, құрметтеуді,

аялауды үйренеміз. Біз отбасымызды жан-жүрегімізбен жақсы көреміз. Қандай қиындық болса да, бір-бірімізге жанымыз ашып, көмектеуіміз керек.

Қажетті құралдар: жұмыс дәптері, қажетті көрнекіліктер.

Дыбыстар мен әріптер әлемі

Не үйрендім? Не білдім? «С-Ш»

Мақсаты: «Ш» мен «С» дыбыстары мен әріптерінің таңбасын қайталау.

«Ш» дыбысына мысалдар келтірту арқылы сөздік қорларын толықтыру, байланыстыра сөйлеуді дамыту. «Ш» мен «С» дыбысын таныту. Құрамында өтілген дыбысы бар сөздерді дұрыс оқуды үйрету. «Ш» мен «С» дыбысының айтылу артикуляциясымен таныстыру.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу барысы: педагог балаға оқуды үйретеді. Баланың саусағының ұшы ол оқып отырған әріптің (кейіннен буынның) астында болу керек. Баланың саусағы сол жақтан бастап жылжуына назар аударады. «С-Ш» дыбыстарының айырмашылығын меңгертеді, педагог өзі дауыстап оқып, баланың қайталауын қадағалайды. Балалар педагогтің көмегімен жұмыс дәптеріндегі са, со, ша, шо, ал, ла, ша, лас, шаш, аша, сал, сол, Сара, Шара, Шора, сала, шала, сора, аласа, алаша буындары мен сөздерін оқиды. Педагог балалармен «Қай әріп қай үйшікке кіреді? Неліктен?» дидактикалық ойын ойнатады. Әріптерді қайталап, дауысты-дауыссызға бөліп, ұяшықтарға бөледі.



Педагог дәптермен жұмысты ұйымдастырады. Балалар жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды орындайды. Сабақтағы көңіл күйлерін смайликпен көрсетеді
Қажетті құралдар: жұмыс дәптері, «с», «ш» дыбысы кездесетін суреттер.

Сергіту сәті

Қолдарыңды көтеріндер, «Бір» дейік.
Көп отырып, қатты шаршап жүрмейік.
Қолды создық, басты бұрдық «Екі» деп,
Қозғалыспен әрбір адам жетіледі.
Алға, артқа қарадық та, «Үш» дедік.
Тағы жаңа жаттығулар істедік.
Түсірейік қолды «Төрт» пен «Бесті» айтып,
Отырайық көңілді енді марқайтып.

Қарапайым математика

Өткенді қайталау. Есептерді шығару.

Мақсаты: 1 ден 20 көлеміндегі сандар мен цифрлар туралы ұғымдарын кеңейту. Оларды танып және атай білуге жаттықтыру.

1-20 көлеміндегі санды тура және кері санауға жаттықтыру. Қарапайым мысалдар мен есептерді шеше білу дағдыларын бекіту. Ауызша санау, есептеу дағдыларын қалыптастыру.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу барысы: педагог балаларға 1 ден 20-ға дейінгі сандарды еске түсіріп, тура және кері санатады. арасынанда артық, кем, тең амалдарын орындатады: 2 мен 5, 6 мен 9, 10 мен 10.

Педагог балалармен сандарды еске түсәру үшін “Сиқырлы қапшық” ойнын ұйымдастырады. Қапшықтың ішіне сандардың жиынтығын салып кезектеп балаларға алғызады. Қандай сан шықса атап, үстел үстіне ұояды. Келесі бала дәл солай жалғастырады, заңдылықты сақтай отырып сандарды өсу ретімен орналастырады. Педагог дәптермен жұмыс ұйымдастырады, балаға тапсырманы орындауға барынша мүмкіндік беріп, қиындық туған жағдайда көмектесуі керек. Баланы әрекетіне қарай мадақтауы қажет.

Қажетті құралдар: жұмыс дәптері.

Қоршаған орта

Мақсаты: балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру. Сөйлем құрап айтуға, дыбыстарды анық, таза жеткізе білуге дағдыландыру. Отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу барысы: педагог:

– Бір үйде тұратын адамдар тобын біз «отбасы» деп атаймыз. Отбасы мүшелері: әке, ана және олардың балалары. Әр адам, үлкен болсын, кіші болсын өз үйін жақсы көреді, себебі ол үйде оның отбасы тұрады. Олар бір-бірін сыйлайды,



камқор болады, тату болады. Бірге отбасылық мерекелерді тойлайды. Демалысты бірге өткізеді. Серуендейді.

Педагог отбасы мүшелерінің демалысты қалай бірге өткізетінін сурет арқылы түсіндіріп өтеді. Балаларға тапсырманы орындауға барынша мүмкіндік беріп, қиындық туған жағдайда көмектесу керек. Балалардың әрекетін мадақтау қажет. **Қажетті құралдар:** жұмыс дәптері.

Сергіту сәті



Шығармашылық

Отбасым

Мақсаты: балалардың ой-қиялын сурет салу арқылы дамыту, қалам мен қағазды пайдалана отырып өз ойларын жеткізе алу. Балалардың қабілеттері мен шығармашылықтарын қалыптастыру.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу барысы: педагог балаларға тақырыпқа сай тапсырма береді. Балалар педагогтің түсіндіруімен, сурет салу арқылы өздерінің туындысын жасап шығарады. Түрлі түсті бояу арқылы баланың ойлау қабілетін, логикасын, өзіндік сөздік қорын, қоршаған ортаны қабылдауын бақылап көреміз.

Педагог балаға тапсырманы орындауға барынша мүмкіндік беріп, қиындық туған жағдайда көмектесуі керек. Баланы әрекетіне қарай мадақтауы қажет.

Қажетті құралдар: түрлі түсті бояу, қағаз.

Ертегі әлемі

«Үш аю мен Маша»ертегісі.



Ойнайық, ойлайық!

Мақсаты: балалардың бойындағы камқорлықты жетілдіру, балаларға мақсат қоюды және оған жетуді үйрету.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу барысы: балалар берілген тапсырманы дұрыс аяқтау үшін педагог түсіндіріп береді. Бұл тапсырмада Айжанға үйіне жетуге көмектесетінін айтып, тура жолды тауып, бояп көрсетеді. Бұндай ойындар балалардың жан-жақты дамуы үшін өте қажет. Ойынның көмегімен балаларды адалдыққа, мейірімділікке, сенімділікке және ыстық ықылас пен бауырмалдыққа баулу. Балалардың қиялын оятып, қызығушылықтарын дамыту.

Балаларға тапсырманы орындауға барынша мүмкіндік беріп, қиындық туған жағдайда көмектесу керек. Балалардың әрекетін мадақтау қажет.

Қажетті құралдар: жұмыс дәптері

Күтілетін нәтиже: отбасындағы мерекелерге мысалдар келтіреді. Сурет



бойынша әңгімелеп, отбасындағы мерекелердің бірін сипаттайды. Балалар «С» және «Ш» дыбыстарын ажыратады. Сөздерді буынға бөледі. Педагогтің көмегімен жұмыс дәптеріндегі буындар мен сөздерді оқиды. Сызба бойынша сөйлем құрап, оларды оқып, жазуға үйренеді. Жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптерді, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазуға үйренеді. Балалар отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге дағдыланады.

